



Жыр даптерінен



ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА - 550 ЖЫЛ

Алтай СМЕТ,
ақын,
Шет ауданының Құрметті азаматы.

Қазақ хандығы құрылған сонау Керей Жәнібектен,
Мемлекет атанып өз жері, өз еліне әмір еткен.
Елінің шекарасы, ынтымағы бірлігі үшін,
Хандар көп шыбын жанын тәрік еткен.

Қазақ тарихы, ой көзімен қарасаң сырға толы,
Есім ханның - «Ескі жолы», Қасымханның -" Қасқа жолы".
Тәуке ханның - «Жеті жарғысы», Абылайдың - «Ақ жолы»,
Тәуелсіздіктің таңы атқан, Нұрсултанның - «Нұрлы жолы».

Абылай жас шағында жетім қалған,
Төле бидің түйесін бағып «Сабалақ» деген есім алған.
Жекпе-жекте қалмақ ханы Қалден Сереннің,
Бапасы Сәрудің семсермен басын кесіп алған.

Еті ширақ керуенге ілескен жетім бала,
Қамқоры Төле би бол, қазақ елі болған пана.
Жаралғандай қазақ халқы үшін хан болуға,
Көсем, шешен, батыр, ақылды әрі дана.

Ерекше ерлігі үшін хан сыйлаған,
Ұраны - «Абылай» туына ақ байлаған.
Қаһарынан қалмақтың құты қашып,
Жауға шапса - ұраны «Абылайлап» айқайлаған.

Ресей айдап салып қалмақтарды,
Қырғыз - Есенқұл мен Садыр ақымақтарды.
Жау жағадан алғанда бөрі етектен,
Жау көбейді қазаққа жан-жақтағы.

Топтастырып маңына асыл текті,
Қабанбай, Бөгенбай, Батыр Баян, Жәнібекті.
Көкжарлы Барақ, Шанышқылы Бердіқожа, Малайсары,
Бұқар жырау.Төле би, Қаздауысты Қазбекті.

«Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған»,
Тәуелсіз хандық туын тік ұстаған.
Алпауыт Ресей қара орман Қытай ортасында,
Абылай хан жерін қорғап ыныспаған.

Шындықтың шырқын бұзбай әділетті,
Қайыспас қара нардай қабілетті.
Түскенде Қалдек Серен тұтқынына,
Саясат сабырымен босап кетті.

Дейді жұрт Абылайды батыр бабам,
Болыпты әрі батыр, әрі хан, ақылды адам.
Бұқар жырау, Тайкелтір, Қазыбекті,
Келелі кеңестерде мақұлдаған.

Өтті Абылай өмірден жерін қорғап,
48 жыл хан болды халқы қолдап.
Ресей хан билігіне тұсау салып,
Сары Арқаны құзырына алды зорлап.

Қазақ елін бөлшектеп билеуші округке,
Ресей салды пышақ ремей көкірекке.
Абылай мен патша отырған келісім-шарт,
Бұзылды айналғандай өтірікке.

Саясат қазақ жерін отарлау, бекініс сап,
Қазақты қысып, өзгені еркін ұстап.
Кенесары ұлт азаттық көтерілісіне себеп болды,
Билігін, жерін алған екі қыспақ.

Отаршылдар қазақ жеріне кірді бойлап,
Көкшетауға бекініс сап, оны тойлап.
Жымысқы мысық тілеу саясаты,
Қазақ елін болашақ құртып жоймақ.

Қазақ жұртының қайғырған мезеті еді,
Көтеріліс қазақ еліне қажет еді.
Бұл қылық Кенесарыны ойландырып,
Шыдасын оған қайтіп өжет ері.

Кенесары Қасымұлы Абылайхан немересі.
Болуға осы лайық деп ел егесі.
Кетеріп ақ киізге хан сайлады,
Хансыз халықтың болуы жөн еместі.

Қазақтың үш жүзінің басын қоссам,
Алапат көуірлердің алдын тоссам.
Орыстар алған жерді қайтып алып,
Бабамның Абылайдай ізін бассам.

Ағайынды Кенесары, Наурызбайды,
Жолбасшы еткен еді Бұғыбайды.
Кенесары сарбаздардың басшысы бола білді,
Әскер басы сайлады Ағыбайды.

"Деп - турмын түбін бузсам мен бір нудың,
- Лебімен Абыпайлап алтын тудың".
Деп атойлаған Наурызбай батыр еді,
-"Мен онда Абылайдан неге тудым".

Мың сегіз жүз жиырмасыншы жыл осы тұстан,
Айналасын жоңғар, Қоқан, Ресей, Қытай қысқан.
Қазақ жері көз құртына айналғандай,
Көз алартып Қытай, Ресей болды дұшпан.

Ресей орта жүзде хан билігін тоқтатады,
Округтік басқару деп бас билігін ноқталады.
Кенесары халық қолдап жасады жауға жорық,
Одан басқа болмады жоқ та амалы.

Бар қазақ қосылды Кенесарыға біртін-біртін,
Азаттық құлпынының ашып кілтін.
Ресейдің бекінісін, қамал бұзып,
Шабуыл жасай берді дүркін-дүркін.

Шабуыл тасқын судай тынбай бір күн,
Өртеді келімсектердің дүние мүлкін.
Ормандай қалың орыс шегінбеді,
Кенесарыда от қаруы болмай шіркін.

Сонда да орысты ішке аттатпады,
Көуірге қазақ жерін таптатпады.
Он жылдай орыстардың алдын бөген,
Сар дала Сары - Арқаны сақтап қалды.

Бабасы Амангелдінің батыр Иман,
Махамбет Өтеміс, Исатай Тайжан.
Елімнің егемендік еркіндігі үшін,
Қайрат Рысқұлбек жанын қиған.

Олардың бодандыққа төзбегені,
Елімнің еркіндігі көздегені.
Аз халық, қазағының азаттығы,
Аңсайды одан басқа өзге нен?..



Шет шұғыласы. - 2015. - 9 шілде (№28). - 5 б.